Консультативтік пункт жұмысы

«Нұрбөбек» бөбекжайы» КМҚК



# Мектепке дейінгі балалардың тілін дамыту.


**Дайындаған:**
**қазақ тілі мұғалімі Сандығали Ж.Ә.**

**Мақсаты:**

Әр-түрлі әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы балалардың тілін дамыту.



# Бала тілін дамыту

*Мектеп жасына дейінгі балалармен тіл дамыту жұмыстары мынандай бағыттарда жүргізіледі: сөздік қорын байыту, тілдің грамматикалық құрылысы мен оның орамдылығын қалыптастыру, тілдің дыбысталу мәдениетін тәрбиелеу, тілін дамыту мен қатар ойлау және ойша елестету дағдылары дамиды.*

Тіл дамыту балалардың ойын дамытумен байланысты. Мектеп алды жасындағы бала ешбір ережені оқымай-ақ, үйренбей-ақ сөздерді дұрыс қиыстырады, септей, тәуелділей, жіктей, көптей алады, сөйтіп, жаңа сөздер жасап, сөйлемдер құрастырады.

Тіл дамыту балалардың ойын дамытумен тығыз байланысты болғандықтан, тілді меңгеру барысында бала талдау, қорытынды жасай алады, заттар мен құбылыстардың арасында түрлі байланыстарды бейнелей алады.

Тіл дамыту жұмысы-күрделі де шығармашылық үрдіс. Сөйлеу арқылы бала тек басқа адамдармен қарым-қатынас жасап қана қоймайды, сонымен бірге дүниені де таниды.

Балалардың тілін жетік дамыту үшін дамытушы ойындарды жиe пайдаланамыз. Олар: «Мені қайтала», «Сөзді аяқта», «Дыбыс қайда тұрады?», «Жейтін жемейтін», «Қай сөз артық?», «Сөйлемді аяқта», «Ұқсас сөздер», «Сиқырлы қобдиша», «Тізбек», «Дыбыс қайда тығылды?».

Іс-әрекет, серуен, ойын кездерінде жаңылтпаштар, тақпақтар, мақал-мәтелдерді қолдану, балалардың тілінің дамытуға көп пайдасы тигізген себебінен жиe қолданамыз.

Әр тақырып, мерекеге балалар тақпақтар айтады, өлеңдер шырқайды ол да балалардың тілін жаттықтырады.



# Сурет бойынша сөйлемдер құрастыру





# Сурет бойынша әңгімелеп бер



•Сөйлем құра.




шымкент

# Қорытынды:

**мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу мәнерін қалыптастыру. Сөздігін ұлғайту. Ауыз әдебиетін дамыту. Балалардың кез келген сөзді еркін айтып күнделікті өмірде қолдана білуі. Заттық дамытушы ортада түрлі әдіс-тәсілдер арқылы баланы болашаққа жетелеу мен сөздік қорын дамыту.**

MyShared